



БҰЙРЫҚ

«09» тамыз 2022 ж.

№ 80

ПРИКАЗ

«09» август 2022 г

**«Мектепке жол» қайырымдылық
акциясын өткізу туралы**

Аудандық білім бөлімінің 08.08.2022 жылғы №49 санды қатынасына сәйкес
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу жөнінде **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2022 жылғы 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында балалардың әлеуметтік себептермен мектепке бара алмауының алдын алу және күнкөрісі төмен отбасының балаларын жаңа оқу жылына дайындау мақсатында мектеп қамтуындағы мөлтек аудан бойынша дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылсын.
- 2.Мектепке жол акциясын ұйымдастыру мен өткізу жөнінде мектеп жанынан төмендегіше комиссия құрамы жасақталсын.
- 1.Сейітова Н – комиссия төрайымы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 2.Қожахметов Ж – комиссия төрағасының орынбасары, мектептің әлеуметтік педагогы
3. Нашен Д – комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының төрайымы
4. Сәрсен С – комиссия хатшысы, сынып жетекшісі
- 5.Айталы С– комиссия мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы
3. «Мектепке жол» акциясы барысында мектеп оқушыларының оқумен толық қамтылуын, мектептен себепсіз қалуын болдырмау шараларын қарастыру, аз қамтылған отбасы және көпбалалы отбасылардың қолдау көрсету жұмыстары жүргізілсін.
4. Азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету үшін білім беру ұйымдарындағы «Жедел желілерердің», «Сенім» телефондарының, қоғамдық қабылдаулардың үздіксіз жұмысын ұйымдастырсын.
- 5.»Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру және атқарылған жұмыстар жөнінде аудандық білім бөліміне 10 күн сайын және 2022 жылдың 25 қыркүйегіне дейін қорытынды жазбаша ақпарат беру тапсырылсын.
- 6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

(көшірме дұрыс)



Т.Әбжәлел

Бекітемін
Мектеп директоры:



Т.Әбжәлел

2022-2023 оқу жылы қарсаңында № 25 мектеп бойынша дәстүрлі «Мектепке жол»
қайырымдылық акциясын өткізу жөніндегі жұмыс жоспары
тамыз, 2022 жыл

№	Жұмыстың атауы	мерзімі	Жауапты
1	Мектепке жол акциясын ұйымдастыру жөнінде комиссия құрамын жасақтау	тамыз	Мектеп басшысы
2	Мектепке қарасты мөлтекаудан оқушыларын түгендеу	тамыз	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
3	Жаңа оқу жылында мектепке келетін оқушылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу	тамыз	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
4	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын анықтау	тамыз	Әлеуметтік педагог
5	Қайырымдылық акциясына қатысуға демеушілер тарту	тамыз	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог
6	«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	тамыз-қыркүйек	Комиссия мүшелері
7	Акция барысында атқарылған жұмыстар туралы есеп беру	қыркүйек	Комиссия мүшелері

Әлеуметтік педагог:


Ж.Қожахметов

№ 25 орта мектепте «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өткізілуі
жөнінде анықтама

Аудандық білім бөлімінің 2022 жыл 8 тамыздағы №49 санды хатын басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылы қарсаңында №25 мектепте дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді. Бұл акцияның мақсаты-әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының мектепке келе алмауының алдын алу. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының басшылығымен мектеп мөлтек ауданына қарасты оқушыларды сынып жетекшілері түгендеп шықты. Материалдық көмекті қажет ететін (мектеп формасы, оқу құралдары) отбасы балалары белгілі болды. Анықталған оқушыларға демеушілер тарту үшін белгілі кәсіпкерлерге, шаруашылық ұжымына, мекеме басшыларына т.б белгілі тұлғаларға қайырымдылық акциясына қатысып қолдауды қажет ететін отбасы балаларына өз демеушіліктерін жасауға шақырту хаттар жолданды. Нәтижесінде 1 сыныптың оқушылары Ағытай Нұрзинатқа Аранды ауылдық округі әкімі Ә.Томаев 35000 теңге, Сырлыбай Іңкәрға Аранды ауылдық мәдениет үйінің директоры Қ.Сырғалы 37000 теңге, Нұрадин Сырымға Қожабақы ауылдық мәдениет үйінің директоры Қ.Сәбитова 35000 теңге және 4 сынып оқушысы Аяған Еркебұланға №25 мектеп директоры Т.Әбжәлел 35000 теңге көлемінде қаржылай көмек жасады. «Агро-Өркен» ЖШС ұжымы 4 оқушыға 10000 теңгеден барлығы 50000 теңге, сонымен қатар аудандық кәсіподақ ұйымы мектеп қызметкерінің әлеуметтік қолдауды қажет ететін 2 оқушысына толық оқу құралдарын (сумка, дәптер пеналь, ручка, карандаш, альбом т.б) алып беріп балаларға қуаныш сыйлады.

Алдағы уақытта да қайырымды іс-шаралар өз жалғасын табатын болады.

Әлеуметтік педагог:



Ж.Қожахметов